



ТҮЙТКІЛ

Ақмола облысында Атбасар деген қала бар. Естеріңізде болса, 2017 жылы шаһар тасқын судың астында қалып, тұрғындар әбден жапа шеккен-ді. Қызыл судан көрген азапты ешкім әлі ұмытқан жоқ. Жабай өзені арнасынан асып-тасығанда жұрт қара басын әрең аман алып қалды. Біздің айтпағымыз – табиғат апаты емес. Қаламға арқау болған – Атбасардағы апаттан кейінгі үйлерді қалпына келтірген құрылысшылардың жанайқайы. Олар осы күнге дейін жалақысын ала алмай, табанынан таусылып жүр.

Фото: ktk.kz



ЕҢБЕГІ АҚТАЛМАҒАНДАР

Бюджеттің 3 жарым миллиард тенгесіне салынған 11 көпқабатты үйдің 10-ы әлдеқашан пайдалануға беріліпті. Жұрт қоныс тойын тойлап, мәре-сәре болды. Алайда тұрғын үйлерді қалпына келтірген жұмысшылар еңбекақыларын ала алмай, қарызға батқан. Арасында жұмыс істеуге Астанадан арнайы келіп,

барсақ, шаруаңыз жоқ. Мердігер мен бас мердігерден сұрандар» дейді. Олар бізбен сөйлеспейді, телефондарын да алмайды», — дейді.

Мердігер компания өкілінің жауабы мүлде бөлек. Өзін «директорын» деген әйел жұмысшыларды танымайтын болып шықты. Ал оларға ақша бермей

жұмыс көлемі үшін толық ақша аударылды. Біз мемлекеттік мекеме болғандықтан, бұлардың жеке шаруасына араласпаймыз», — дейді.

Жасыратыны жоқ, мұнда да қазекеннің құжатқа салғырттығы мен заңға жүрдім-бардым қарайтын мінезі себеп болып отыр. Қазір құжат сөйлейтін



енді үйлеріне қайта алмай қалғандары да бар. Тіпті бір отбасының асыраушылары, бір әулеттің бас көтерерлері де жүр.

Қазір 450 отбасы жана үйге қоныстанып үлгерді. Ал сол пәтерлерді Арқаның аязында қызыл асығынан суық өтіп, ыстық пен суыққа тоңып

жүрген екінші мердігер Мейрамгүл Жиенбаева «Еңбекақыларынды бергем» деп ақшасын талап етіп келген жұртты бет қаратпады. Кос мердігердің ортасында қакпақыға түскендер — еңбекақысын ала алмай жүрген үркердей топ.

заман екенін көбі біледі. Біле тұра, бір жапырақ қағазға құнттай емеспіз. Сөйтіп, мердігер мердігерге сілтеп, ақыры қарапайым жұмысшы алдында ешқайсысы да жауапты болмай шықты.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ



ЖОЛДАУ ЖӨН СІЛТЕДІ

Елбасының Қазақстан халқына арнаған соңғы Жолдауында әлеуметтік салаға ерекше басымдық берілді. Әсіресе, тұрғындарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету, жайлы орта қалыптастыру көзек күттірмейтін міндеттер ретінде айтылды. Осы жөне басқа да өзекті мәселелерге қатысты Парламент Сенатының депутаты Нариман Төреғалиев біздің тілшімізге арнайы сұхбат берді.

Жас qazaq: Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың биылғы Жолдауында көтерген мәселелердің арасынан ең өзектісі ретінде қайсысын атар едіңіз?

Н.Төреғалиев: Президенттің 2018 жылы 5 қазанда халыққа арнаған «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауында еліміз тұрғындарының әлеуметтік жағдайы ерекше назарға алынды. Әсіресе, бірінші кезекте назарға алынғаны — білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үйлердің қолжетімділігі мен сапасы, жайлы және қауіпсіз жағдайда өмір сүру мәселесі. Елбасы Жолдауда «Жайлылық дегеніміз — ең алдымен, тұрғын үйдің қолжетімділігі, ауланың әлемділігі мен қауіпсіздігі, тіршілікке және жұмыс істеуге қолайлы елді мекеннің және сапалы инфрақұрылымның болуы» деп атап көрсетті. Осындай ерекшеліктер шын мәнінде тұрғындардың жақсы әрі жайлы өмір сүруіне жағдай жасайтын болады. Демек, осы бағытта мемлекеттік бағдарламалар аясында көп жұмыстар жасалады.

Жас qazaq: Жолдауда халықтың білім алу мәселесіне ерекше көңіл бөлінген. Алдағы жылдары білім саласы бойынша нақты қандай шаралар қолға алынады?

Н.Төреғалиев: Бар құндылықтың негізгі қозғаушы күші — адам. Адамның білімі мен дағдысы, өмір сүру жағдайы, тұрмыс деңгейі болғандықтан, бұл мәселеге Елбасының ерекше назар аударуы — заңдылық. Биылғы Жолдауда әлеуметтік мәселеге қатысты «Тұрмыс сапасын арттыру» деп айдар тағылған екінші тармақ сегіз бөлімге бөлінген. Онда алдымен «5 жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты жалпы ішкі өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу қажет» делінген. Ерекше қарқынмен дамып келе жатқан еліміз халықаралық дәрежеде танылудың жана деңгейіне көтерілді. Осы жолда бұл қадам мемлекеттің отандық білім мен ғылымға және денсаулық сақтау салаларына өз тарапынан барынша қолдау көрсетіп келе жатқанын айқындайды.

Ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілет, жана дағды сонау бала кезден қалыптасатынын негізге алған Елбасы мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту мәселесіне, білім сапасын бағалау жүйесінің халықаралық талаптарға сай келуіне мән берді. Осы орайда, Президент Үкіметке 2019-2021 жылдарға арналған бюджеттен қосымша 50 миллиард тенге қарастыруды тапсырды.

(Жалғасы 2-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

ЖАҒЫМСЫЗ ИІС ЖАҚПАЙ ТҰР

«Мектебің мынау класың, Осында он жыл тұрасың. Тарыдай болып кіресің, Таудай болып шығасың». Ақын Мақатаевтың осы өлеңін сәл бұрып, басқаша құрауға да болады. Оны біреулер бұрмалап жазып та жүр.



Әсіресе, мектепке жарымаған жұрт әлгі бір шумақты мың құбылтады. «Мектебің мынау шіріген...» дегенді де естіп жүрміз... Қарағанды облысының Қызылжар ауылындағы су жана мектепке Мақатаевтың өзгертілген өлеңін арнауға жарап тұр. Яғни әжуалап беруге болады. Жұмбақтамай, әңгімені төтесінен айтайық. Қызылжар ауылында 105 оқушыға арналған білім ордасы осыдан 5 ай бұрын пайдалануға берілген. Күрделі жөндеуден өткізуге бюджеттен 81 миллион тенге жұмсалған. Алайда Арқаның сақылдаған сары аязында мектеп ішін жағымсыз иіс жайлап, қолқаны қапқан. Оқушылар ауырып, ұстаздарды көкжөтел қысқан. Содан еденге төселген тақтай мен төсенішті көтерген ғой. Сөйтсе, тақтайдың астын мүк пен зең басқан. Есік-терезені ашып, бүліне бастаған еденді құрғатқанмен, иіс кетпейті. Амалы таусылған оқушылар бұрынғыдай көрші ауылдың мектебіне қатынап оқып жүр.

Бұқар жырау аудандық білім бөлімі бастығының міндетін атқарушы Айдар Оспанов КТК телеарнасына берген сұхбатында мердігер компанияның 7 жылға берген кепілдігі барын айтқан. Демек, жауап беретіндер бар. Олар әзірге білім ордасына бас сұқпаған.

Айдос ЖҰҚАНҰЛЫ



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)

64,76



DOLLAR

373.56



EURO


422,83



РУБЛЬ

5,68

100 JAŃA ESIM



Анар ӘБЖАНОВА

АРМАНЫМ – ЕЛІМДІ ӨЛЕМГЕ ТАНЫТУ

Көбінесе Алматы мен Астананың пейзажын салғанды жақсы көремін. Өйткені қаланың тыныс-тіршілігі, ағаштары, тіпті көшедегі мәшинелері мен адамдары шабыт сыйлайды. Қаланың тынысы ауа райы мен уақыт мезгілдеріне қарай ерекшеленіп отырады. Адам сияқты қала да ауа райымен бірге көңіл-күйін өзгертеді. Осы өзгерістерді жаныммен сезініп, қағаз бетіне түсіргенді ұнатамын.

(Толығырақ 8-бетте)

БИЛІК

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асқан «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздарымен кездесті.

Өткен жылы үміткерлерден 2388 өтініш қабылданып, арасынан тек 200 жас іріктелген. Соңғы сәтте онлайн дауыс беру нәтижесінде жеңімпаз атанған 29 қыз-жігіт салтанатты шараға катысты. Басқосуда Елбасы жастарға: «Бәріңіз де — тәуелсіздіктің перзентісіздер. Біз — бабаларымыздың арманын жүзеге асырған ұрпақпыз. Енді сіздердің уақыттарыңыз келді. Мұны ұмытпауға тиіссіздер», — деді. Одан әрі еліміздің қалыптасу тарихына тоқталып, жастар үшін ашылған мүмкіндіктер туралы әңгімелеген Н.Назарбаев қазір әрбір адам ансаған арманына еркін қол жеткізе алатындығын айтты. «Отызында орда бұзған» таланттылардың көбейгені осының

балалар құраған. 10 жылда 10 мың баланы тәрбиелеген талантты жігіт халықаралық олимпиадаларда 300 рет алтын медаль алған. Жоғары нәтижеге қол жеткізу халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Әлем кубогінің төрт дүркін иегері, Азия

иелері ұлан-ғайыр шаруаларға атсалысуда. Сондықтан мүмкіндіктер мен уақытты тиімді пайдаланудың маңызы артты. Осы төңіректе ой қозғаған Нұрсұлтан Назарбаев: «Бәрі де адам мен оның ерік-жігеріне байланысты. Біз армандай білуге және көздеген мақсатымызға жету үшін әрекет



Бауыржан Жуасбаев © 2019

ЖАҢА ЕСІМДЕР ЖАРҚЫРАДЫ

дәлелі. Олардың ашқан жаналықтары мен жасаған жақсылықтары жұртты сүйсіндіріп келеді. Мәселен, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» қатарын толықтырған Асан Жолдасов өмірден өз жолын тосыннан тапқан. Ол математика пәніне қыры жоқ балаларды жинап, 19 жасында арнаулы мектептің іргетасын қалаған. А.Жолдасов: «Балаларды оқытқан кезде, ең бастысы, олардың бойында математикаға деген сүйіспеншіліктерін оята білу екендігін түсіндім. Оқытудың арнайы әдістемесін жасап, білімдімі жылдан-жылға дамыттым. Қазір «Пифагор» үлкен компанияға айналды. Алматы, Астана және Тараз қаласындағы мектептерде 136 мұғалім жұмыс істейді, аса талантты 1500 бала білім алады», — деді.

Президент жиында атап көрсеткендей, математика пәні барлық салада керек, есепке жүйрік болудың пайдасы көп. Осыны жас жігіт ертерек түсінген. Айталық соңғы алты жылда еліміздегі оқушылар құрамасының жартысына жуығын «Пифагор» мектептерінде білім алған

ойындарының екі мәрте жеңімпазы Ержан Сәлімгереевке де оңай соқпаған. Ол үшінші сыныпта тосын жағдайға тап болды. Трансформатордың ішіне тығылып ойнап жүрген сәтте, токқа түсіп қалады. Бір қол, бір аяғынан айырылған бала ұстаздарынан үйде отырып білім алады. Кейіннен жүзуді үйренеді. Қайсар мінезі оны жеңіске жеткізді. Индонезияда өткен Параазия ойындарында қос алтын медаль алды. Енді Токиода өтетін паралимпиада ойындарында чемпион атанудан үміттеніп жүр.

Қазақстанның мемлекеттілігі мен егемендігін нығайту жолында жастардың әлеуетін пайдаланудың маңызы зор. Қазіргі жасанды интеллект, ақпараттық технология, биоинженерия, нанотехнология ғылымға көп өзгеріс әкелді. Инновация деп аталатын жаңа ұғымды түсіну мен еңсеру жастардың еншісіне бұйырып тұр. Жаңа стартап жобалары үшін Астанадағы ЭКСПО павильондарының бірінде жаңа зертханалар ашылған. Бұдан басқа аймақтарда келешек

етуге тиіспіз. Бұл байқауға қатысушылар — өскелең ұрпақ үшін үлгі-өнеге. Сіздер өз еңбектеріңіздің нәтижелері арқылы бұл өмірде бәріне де қол жеткізуге болатынын көрсеттіңіздер, — деді.

Иә, арманшыл адамның алар асуы биік болады. Келешек білімді, іскер әрі өзіне сенімді жастардан көп нәрсе күтеді. Еліміздің дамуы, өркендеуі, әлемге барынша танылуы жас ұрпақтың жалынды істерімен тікелей байланысты. Талдықорғандық кәсіпкер Ларион Лян, жас нейрохирург Мынжылқы Бердікожаев, дәрігер Алмаз Ибрагимов, қарағандылық жас спортшы, спорттық акробатикадан әлем чемпионы Никита Амоскин секілді жастардың тамаша тірліктері мен жетістіктері өзгелерге өнеге боларлық.

Кездесу соңында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жобаға қатысушыларға ризашылық білдіріп, жастарды елімізді одан әрі дамыту ісіне белсенді атсалысуға шақырды.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

сауалы



Бақытжан САҒЫНТАЕВ, Премьер-Министр:

— *Қыс келеді, үйлер өртеніп жатады. Ал бәріміздің баяндамалық керемет. Не себептен қаржыландыру мәселесі шешілмеді? Неге берілмеді, неге іске қосылмады? Өртке не себепті жол берілді? Қандай тексеру жүргізіліп, нендей шаралар қабылданды?*

жауабы

Қалмұханбет ҚАСЫМОВ, бұрынғы ішкі істер министрі:

— *Елімізде өрттің алдын алу мәселесі күрделі жағдайда. Өрттің басым бөлігі жер үйлерден шығады. Тұрғындардың өздері от пен ошаққа абай болмайды. Тіпті олар қауіпсіздік талаптарын тексеруге келген өрт сөндірушілерді босағадан аттап бастырмайды. Елімізде жыл сайын 15 мыңнан астам өрт тіркеледі. Былтыр тілсіз жаудан 846 адам зардап шекті. Оның ішінде 434-і көз жұмды. Тікелей өрттен келген материалдық залал 3 млрд теңгеден асты.*



Қанат БОЗЫМБАЕВ, энергетика министрі

Аптаның ауыс-түйісі

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы Қасымов Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі — Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы болып тағайындалды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Ерлан Заманбекұлы Тұрғымбаев



Қазақстан Республикасының ішкі істер министрі болып тағайындалды.

Аптаның айтары



«30 жылдан астам бақылау деректері бойынша су тасқыны мерзімін белгілеу қажет деп санаймын.

Бұқтырма су қоймасында және Шығыс Қазақстан облысы Шүлбі су қоймасына құйылатын аймақтарда қар көлемі мөлшерден – 30 пайызға, Тарбағатай жотасының оңтүстік-батыс баурайында мөлшерден 36 пайызға жоғары. Ал Ертістің сол жағалауында 6 пайызға жоғары».

ҚЫЗЫЛ СУ ҚЫЛАҢ БЕРДІ

(Елді мекендер)



Дереккөзі: ИМ ТЖК

Жедел сұхбат

ЖОЛДАУ ЖӨН СІЛТЕДІ

(Басы 1-бетте)

Жас qazaq: Жолдауда «Педагог мәртебесі туралы» заңның сөз болуы білім саласындағы үлкен реформаның бастауы болып тұр. Осы төңіректе не айтасыз?

Н.Төреғалиев: Қазақтың хас батыры Бауыржан Момышұлының: «Ұстаздық — ұлы құрмет. Себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасак, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» деген сөзі қазір қоғамда қызу талқыланып, халық тарапынан зор қолдауға ие болған мұғалім мәртебесін көтеруге қатысты нақты баға бере алады.

Жолдауда көтерілген маңызды мәселе — «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылдау. Бұл құжат мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері үшін барлық игілікті қарастырып, жүктемені азайтуға, жөңсіз тексерістер мен міндеттен тыс функциялардан арашалауға тиіс. Дәл осы мәселе ұстаздардың ғана емес, білім беру ісінің бағыт-бағдарына, даму үдерісіне алаңдайтындардың да көңіліне қонды.

Тағы бір айта кететін жайт, «жоғары білім беру ісінде оқу орындарының маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтіледі» деген пікір бар. Оқу бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы, жалақысы жоғары жұмысқа орналасуы, жоғары оқу орындарын ірілендіру саясатын жүргізу секілді бағыт-бағдарлар біздің жетістікке ұмтылуымыздың алғышарттары. Осы орайда Назарбаев Университетінің тәжірибесіне сүйеніп, үздік шетелдік топ-менеджерлерді қызметке тарту, қазіргі білім инфрақұрылымының базасында Назарбаев Университетінің үлгісімен өңірлік жаңа жоғары оқу орнын құру — құптайтын бастама.

Шоқан Уәлихановтың «Халықтың кемеліне келіп, өркендеп, өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» дегені бар. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың да жоғары оқу орындарына қатысты талапты күшейту арқылы білім сапасын арттырып, ел дамуын барынша өркендету негізгі мұраты екенін аңғаруға болады. Себебі сапалы білім бар жерде экономикалық өсімнің де жоғары сапасы қамтамасыз етілетіні түсінікті.

Жас qazaq: Денсаулық сақтау саласындағы жетістіктерді жылда тізбелейміз. Кемшілігі де көрсетіледі. Медицина саласын цифрландыру елімізге не береді?

Н.Төреғалиев: Кез келген мемлекетте, қай кезеңде де сапалы білім қаншалықты маңызды болса, медициналық

қызмет сапасы да соншалықты маңызға ие. Биылғы Жолдауы барысында Президент осы мәселені айрықша бөліп қарастырды. 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін қызметкерлерді ынталандыру үшін науқастарды емдеу ісін басқарудың жаңа тәсілдерін енгізген учаскелік медицина қызметкерлерінің жалақысы кезең-кезеңімен 20 пайызға өседі. Осы мақсаттарға келесі жылы 5 миллиард теңге бөлінеді. Сонымен қатар биыл 1 қаңтардан бастап барлық емханалар мен ауруханалар медициналық құжаттарды қағазсыз, цифрлық нұсқада жүргізуге көшеді. Бұл да Жолдауда айтылған тың бағыттың бірі.

Ұлт саулығы — мемлекеттің басты басымдығы екенін қадап айтқан Мемлекет басшысы Үкіметке және әкімдерге кем дегенде 100 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуды тапсырды. Сондай-ақ келер жылдан бастап Тауарлар мен көрсетілетін қызмет сапасын және қауіпсіздігін бақылау комитеті жұмысын бастайды. Президент бұл орайда адам және оның құқықтары мен денсаулығы маңыздырақ екеніне басымдық берді.

Жас qazaq: Халықтың тұрмыс сапасын жақсарту — Жолдаудағы өзекті тақырыптың бірі. Халықты басапанамен қамту бағдарламалары қолға алынды. Алматыда алғашқы жарна құю арқылы пәтер беру науқаны басталып кетті. Басапанаға қатысты тағы қандай бағдарламаларға пәрмен берілді?

Н.Төреғалиев: Қарапайым халыққа тұрғын үйді барынша қолжетімді ету мақсатында қолға алынған «Нұрлы жер», «7-20-25» бағдарламалары бүгінде сәтті жүзеге асуда. Қашанда халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту мәселесін назарда ұстайтын Елбасы бұл жолы да әкімдерге жергілікті бюджет есебінен жеңілдетілген ипотека бойынша алғашқы жарнаны ішінара субсидиялау мәселесін пысықтауды тапсырды. Сондай-ақ халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтары үшін ірі қалаларда жалдамалы тұрғын үй құрылысы ұлғайтылмақ. Бұл шаралар 250 мыңнан астам отбасы үшін тұрғын үй жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Елдің әл-ауқатын арттыру мен тұрмыс сапасын жақсартуға арналған әлеуеті зор Жолдауда айтылған мәселелерді жүзеге асыруға ел болып кіріскен жөн. Себебі Президент айтқандай, әрбір қазақстандық жүргізіліп жатқан реформалардың мәнін және олардың Отанымызды өркендету жолындағы маңызын жете түсінуге тиіс.

Сұхбаттасқан Жарас ШӨКЕ

Заң сөйлесін!

Ерте, ерте, ертеде «Ұр, тоқпақ» деген ертегі болушы еді. Оқиғасы да қызық. «Баяғыда бір шал мен көмпір болыпты» деп басталады. «Шал тұзақ құрып қаз ұстап алады. Қаз «Мені қоя бер. Бір жылдан кейін кел, не сұрасаң соны бөремін» дейді. Шал қазды босатады. Бір жылдан кейін өлгі қазды іздеп жолға шығады. Сөйтсе, тұзаққа түскен қаз Қазбай деген бай болып шығады. Қазбайдың «Піс қазаным, піс», «Құс, есегім, құс», «Ұр, тоқпағым, ұр» деген үш асыл заты бар екен. Шал қазанын сұрап алады. Жолда бір топ бала шалдың қазанының құпиясын біліп қойып, ауыстырып алып қалады. Оқиға осылай қайталанады. Шал есектен де айырылып қалады. Сөйтіп, соңында Қазбайдың «Ұр, тоқпағын» сұрап алады. Тоқпақ балаларды ұрады. Өлгі бір топ бала шалға «Піс, қазаным, пісті», «Құс, есегім, құсты» қайтарып береді. Сөйтіп, шал мен көмпір бай-бақытты өмір сүріпті» деп аяқталушы еді.

Бұл ертегіні неге айтып отырмыз? Қазір сондай бір «Ұр, тоқпақ» болса, істеген ұрлығын, жасаған қылмысын мойындамайтын тоңмойындарды төмпештеп-төмпештеп, қолымен істегенін мойнымен көтертуге болар еді. Амал қанша?.. Біздің әңгіміміз — Алматыда, жана жыл қарсаңында болған ірі жол апатына қатысты болып отыр. Оқиғасы басқаша болғанымен, «Ұр, тоқпақтағы» сияқты мұндағы кейіпкер де қылмысын толық мойындамай отыр. Естеріңізге сала кетейік, Абай мен Сейфуллин көшелерінің қиылысында Gelandewagen мен Mitsubishi Galant автокөлігі соқтығысып, апат орнында үш адам жазым болып, біреуі ауыр жараланған еді. Апаттан көз жұмғандардың бірі — елімізге белгілі актриса Шолпан Елгезекова. Екіншісі оның құрбысы — Динара Хамитова. Ал үшінші адам

— көліктің жүргізушісі Бакытнұр Құнапияұлы. Ал Мұхтар Әуезов театрының актрисасы Айзада Сатыбалдиева ауыр жараланған. Сот барысында басты күдікті Ілияс Кар алғашында өзіне тағылған айыптың жартысын ғана мойындаған. Үш адамның өмірін жалмаған қайғылы оқиғаға қатысты куәгерлер де шақырылыпты. Алайда Ілияс Кар «Ішімдік



КАР СОТЫ



ішіп, көлік тізгіндеді» деген айыппен келіспей отыр. Ол «Мен өз айыбымды жартылай мойындаймын. Мені мас болды деген айыппен мүлде келіспеймін. «Оқиға орнынан кетіп қалды» деген 374-баппен де келіспеймін. Мен сол жерде

болдым. Ешқайда кеткен жоқпын» деп акталды. Алайда куәгерлердің бірі — Ілиясқа ұқсайтын адамды біреулердің оқиға орнынан басқа көлікпен алып кеткенін жеткізді. Кар кінәсін толық мойындамағанымен, тергеушілер Кардың ішімдік ішіп, қара жолда жылдамдықты шектен тыс асырғанын алға тартуда. Тергеу кезінде ішімдік ішкенін мойындағанын да ескертті. Алайда күдіктінің қасында болған туысы оны жокқа шығарып әлек. Тіпті Ілияс мінген Gelandewagen оның атына тіркелмеген болып шықты. Күдіктінің туысы Таласан Кали «Біз алдымен Жандосов-Айманов көшесіндегі «Дархан» мейрамханасында отырып, түнгі сағат 1-ден кейін жана жылдық отырысты «Гранд Операда» жалғастырдық. Ілияс мүлдем спирттік ішімдік ішкен жоқ. Тілек айтқанда тек қана қола ішкенін көрдім. Жалпы, ол соңғы 2 жылда спирттік ішімдіктен біржола бас тартты. Себебі онкологиялық аурудан емделуге Израильге барып келген», — дейді. Mitsubishi Galant көлігінің иесі, оқиға орнында көз жұмған Бакытнұр Құнапияұлының екі ағасы сотқа қатысу үшін Қытайдан арнайы келіпті. Ал марқұм Шолпан Елгезекованың анасы Гүлжахан Заманбек соттан айыпталушыға ең ауыр жаза тағайындауды сұрады. Ол «Менін балапанымды басып өлтірген адамды ешқашан кешірмеймін. Өйткені бір емес үш адамды бірден басып, жаншып өлтіріп отыр. 40 күн жыладым. Көзімнен айырылдым. Қазір менің бір көзімнен жас мүлдем тоқтамайды», — дейді. Жол апатынан аман қалған жалғыз адам — актриса Айзада Сатыбалдиеваның да хәлі нашар. Оған ота жасалған. Айзаданың жақындары келесі сотта күдіктіден материалдық және моральдық өтемақы талап етпекші. Айтпақшы, куәгерлердің бірі Mitsubishi көлігімен қатар қозғалған автобустың жүргізушісі де осы сот ісіне жауап беруі керек деген талабын жеткізді.

Жарас ШӨКЕ

Әуе жолы

ТАБЫСЫ МОЛАЙДЫ

«Эйр Астана» әуе компаниясының өткен жылғы таза табысы 5,3 миллион АҚШ долларына жетті. Ал компанияның жалпы табысы 10 пайызға өсті. Бұл туралы «Эйр Астана» әуе компаниясының президенті Питер Фостер БАҚ өкілдерімен кездесуде мәлімдеді.



Оның айтуынша, 2018 жыл авиаотынның қымбаттауы мен ішкі және халықаралық нарықта негізгі бағыттардағы бәсекелестіктің күшеюі салдарынан оңай болмаған.

П.Фостер: «Биыл авиаотын өткен жылғы маусымдағы ең жоғарғы құнымен салыстырғанда 16 пайызға арзандауы мүмкін. Сондай-ақ, FlyArystan бюджеттік бөлімшеміздің мамырда іске қосылуын күтудеміз. Бюджеттік әуе компания ішкі және аймақтық бағдарламалардағы ұшуларға мол мүмкіндік береді. FlyArystan-ды қосуға қажет заңнамалық өзгерістерді қабылдағаннан кейін мүмкін болатын арзан тарифтер жолаушылардың көңілінен шығатын болады», — делі.

Былтыр «Эйр Астана» әуе компаниясының жолаушы тасымалы 3 пайызға ұлғайған. Бұл — 4,3 миллион адам. Астана және Алматы әуежайлары арқылы транзиттік тасымал 48 пайызға жетті.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Ақжолтай

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы шын мәнінде, халықтық жобаға айналды. Себебі аталмыш бағдарлама аз уақыттың ішінде өзінің өміршендігін дәлелдеді. Бағдарламаның басым бағытының бірі — «Туған жер» жобасы. Елбасы: «Туған жер — әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір бақпай тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де, жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу — шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі» — деп айрықша атап өткен болатын. Осы орайда, Атырау өңірік «Рухани жаңғыру» жобалық кеңесінің жетекшісі Орынтай Биманова бағдарламаның іске асу барысы жайлы еңгімелеп берді.

Жас qazaq: «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі — «Туған жер» арнайы жобасы екендігі белгілі. Осы ретте, аталмыш бағдарламаның жүзеге асырылу барысы туралы айтып өтсеніз...
О.Биманова: Ең алдымен, ізгілік, қайырымдылық, адамгершілік сынды адами қасиеттерді негізгі құндылық ретінде дәріптеуге бағытталған бағдарлама аясында Атырау өңірі келелі істердің ордасына айналды деуге негіз бар.
«Туған жер» арнайы жобасы негізінде қабылданған «Атамекен» кіші бағдарламасы аясында өткен жылы Атырауда 76 жоба жоспарланды. Жалпы құны 19, 5 млн теңге болатын жобалардың күні бүгінде 44-і іске қосылды. 32 жоба 2019-2022 жылдар аралығында жүзеге асырылады деп күтілуде. Соның ішінде 30 жоба компаниялардың (19 млрд 131 млн 323 мың), 37 жоба меценаттардың (422 млн 453 мың), 9 жоба мекемелер мен еріктілердің (36 млн 200 мың) еншісінде.

Жобалардың басым көпшілігінде негізінен парк, балабақша, мектеп, спорт кешені, балалар алаңдарының құрылысы жоспарланған.

Жас qazaq: «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мақсаты — сананы өзгерту. Сана өзгеге жақсылық

бизнес қауымдастықтың саны — 7, меценаттар саны — 83.
Республика деңгейінде өткен «Жомарт жүрек» шеруінде жерлестеріміз Н.Хамитов, Ж.Досқайыров, О.Шмаль «Жыл меценаты»,

биыл да жалғасын табады. 2018-2022 жылдарға «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 220 жобаны жүзеге асыру жоспарланды. Бағдарлама аясында Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі «Халел ставкасы» тарихи-мәдени

ӨЗГЕРІСТІ ӨЗІҢНЕН БАСТА!

жасау арқылы да өзгереді. Осы ретте жобаға демеушілердің тартылу деңгейі қандай?
О.Биманова: Қазіргі таңда бағдарлама расымен де демеушілерді біріктіріп жатыр. Мәселен, Атырау өңірінде демеушілер қолдауымен облыс орталығынан және Құлсары қаласынан үш балабақша, Махамбет ауданына қарасты Береке селосынан бір мектеп тұрғызылды.
Демеушілер тарапынан Атырау қаласы, Құрманғазы ауданынан екі бірдей тұрғын үй салынды. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің балансына берілген Студенттер үйі өз алдына бөлек тақырып.
Жастар жылының аясында Үкімет жол картасын әзірлеп жатыр. Онда жұмыспен, қолжетімді баспанамен қамту мәселелері қарастырылған. Мысалы, Алматы, Астана және Шымкент қалаларында жастарға арналған әрқайсысы 1000 пәтерден үй салу бұрын-соңды болмаған нәтиже. Жастар өмірінде ерекше назар аударатын мәселелер осы екеуі. «7–20–25» тұрғын үй бағдарламасы, «Дипломмен — ауылға!», «Жастар — ел тірегі», «Жастар практикасы», «Сәтті қадам» деген бағдарламалары, жер-жерде ұйымдастырылып жүрген еңбек жәрменкесі қыз-жігіттердің көңілінен шығатын шаруа.

Енді бір мәселе еңбек өтіліне келіп тіреледі. Бірақ оны айналып өтудің жолы бар. Еңбек нарығында жұмыс істеймін деген адамға бәрі табылады. Тек мамандықты жетік менгеріп, өмірге бейім болу, іскерлік пен ұйымдастырушылық қабілеттің мықты болуы, бірнеше тілді менгеріп алу — табысқа жетудің тамаша жолы. Бойыңызда осындай ерекшеліктер, талант болса, ешкім сізден еңбек өтілін сұрамайды.

— Сұхбатына рахмет!

Сұхбаттасқан
Жолдасбек ДУАНАБАЙ

ЖАҢААЛЫҒЫН КӨРСЕТТІ

Алматыда «Жас ғалымдардың отандық агроөнеркәсіптік кешенінің индустриалды-инновациялық дамуына үлесі» атты І халықаралық форум өтті.

Қазақ ұлттық аграрлық университетінде Жастар жылына орай ұйымдастырылған форумға ерекше дайындалған аталған білім ордасының жас ғалымдары мен студенттері болды. Өйткені, олар Түркия, Польша, Сербия, Италия, Ресей, Украина, Тәжікстан, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан секілді елдерден келген әріптестеріне жақсы жаңалықтарын көрсетуге құмартты. Бұл туралы «ІТ технологиялар, автоматтандыру және агроөнеркәсіптік кешенін механикаландыру» факультетінің 3-курс студенті Оразәлі Қамалхан былай деді: «Осы шараға ерекше дайындалдық. Өзім «Ірі қара малды азықтандыру үшін жұмсақ вакуумдалған контейнерлерде сүрленген шөпті дайындаудың, сақтау технологиясы мен құралдары» деп аталатын жобамды ұсындым. Мақсатым — тасымалданатын ықшам жұмсақ вакуумдық контейнерлерді әзірлеу арқылы сүрленген шөптерді дайындау мен сақтаудың технологиялық процесін жетілдіру. Сүрлем — аса құнарлы азық. Сондықтан оны ұзақ уақыт сапалы түрде сақтаудың жолын табуды жан-жақты зерттедік. Біз жасаған өнертапқыштық жаңалық сүрлемді сақтауда көп орын алмайды, сапасын жоғалтпайды, қаржылық жағынан тиімді».

Сүрлемде пішенге қарағанда қоректік заттар өте көп, каротин толық сақталады. Осындай табыстар азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға кептігін тигізеді. Осындай жиындар жігерлі, ынталы, білімді жас ғалымдарға көп мүмкіндік береді. Оразәлі Қамалхан секілді жастардың жасаған өнертабысы қонақтар назарын аударды.

Форумда агротуризм, өсімдік шаруашылығындағы агроинновация, табиғи ресурстарды басқару, жаңа технологиялар және агротехникалық құралдар, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы, ветеринария, жасыл экономика, су ресурстарын басқару бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар нәтижелері мен жастардың «start-up» жобалары таныстырылды. Осылайша, еліміздегі аграрлық ғылымы мен агроөнеркәсіптік кешенінің маңызды міндеттерін шешуде жас ғалымдардың шығармашылық белсенділігін дамыту және интеллектуалды күштерін біріктіруге бағыт-бағдар берілді.

Бұл форум Жастар жылындағы жағымды жаңалық болды. Тәжірибе алмасу алаңында агробизнес-инкубатордың 80-нен астам



старттап жобаларының нәтижесі таныстырылды. Жас ғалымдардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін пікір алмасулар, шеберлік сыныптары ұйымдастырылды.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ



Алматы — Бішкек автожолының бойында орналасқан «Апорт» сауда орталығы, «Алтын Орда» базары мен «Асыл Арман» тұрғын үй кешенінің манынан өтетін күре жолдағы көлік кептелісі жұрттын жүйкесін жұқартқанына біраз жыл болды. Күніне 52 мың көлік өтетін жолда үнемі айқай-шу, талас-тартыс, текетірес болып жататын. Қазір де солай. Әйтсе де, алдағы уақытта осының барлығы сап тыйылатын тәрізді. Бүгінде аталған жобаның құрылыс жұмысымен бас мердігері «Дәулет-Дорстрой» ЖШС айналысуда.

Жол салуға республикалық бюджеттен 9,1 млрд теңге бөлінген. Жалпы ұзындығы 4 шақырым жолдың Алматы қаласынан шығаберісі 10 жолақты болады. Райымбек ауылына жақындағанда сегіз, одан кейін алты жолаққа ауысады. Одан кейінгі күре жол әдеттегідей төрт жолақты болып жалғаса береді. «Алтын Орда» базарының жанындағы он жолақты жолдың төрт жолағы транзиттік көлікке, екі жолағы жолаушылар автобусына, екі жолағы ауылдан келетін көліктерге, екі жолағы базарда жұмыс істейтіндердің темір тұлпарларының жүріп-тұруына арналады. Құрылыс барысында жаяу жүргіншілер үшін 3 жер үсті жолы, бір көпір және Абай, Іргелі ауылдарының қиылысында 700 метрге созылатын кірме жол салу жоспарланған. Жоба толық аяқталып, пайдалануға берілгенде бұл жолмен күніне 70 мың көлік кептеліссіз жүретін болады.

Аталған жоба басталған тұста «Дәулет-Дорстрой» ЖШС директоры Берік Тілеукеев: «Жолдың құрылысы 2020 жылы шілдеде аяқталады. Біз жоспарды мерзімінен бұрын орындауға бел буып отырмыз. Себебі құрылысқа қажетті материалды өзіміз өндіреміз, зауытымыз құрылыс аумағына жакын жерде орналасқан. Осындай қолайлы жағдай жұмысты уақытынан бұрын аяқтауға мүмкіндік береді», — деп уәде еткен болатын.

Олар үдесінде тұрды. Мердігер компания 2017 жылы «Ақсай» өзенінің үстінен өтетін көпір және жаяу жүргіншілер үшін жер үсті жолын салуды қолға алумен қатар, құрылыс аумағына су, электр, газ, жылу желілерін тартуға кірісіп кетті. Өткен жылғы қарқындары да жаман емес. Жер үсті жолы салынатын кадалар орнатылып, жер тегістеліп, көліктердің іркіліссіз қатынауына арналған қосалқы жолдар жасалып, біраз шаруа атқарылды.

Десе де, құрылыс жұмысы басталған тұста біраз қиындық туындағаны белгілі. Жол жиегіндегі ағаштарды кесу мен қызыл сызққа кірген нысандарды сатып алуға қатысты дау туындады. Тіпті жол құрылысын жүргізу үшін Қарасай ауданына қарасты 48 жер телімін сатып алу жағынан да келіспеушілік болды. Әлі де жекенің қолындағы 18 жер телімін мемлекет меншігіне қайтару жоспарда тұр. Дейтұрғанмен, жол жөндеу жұмыстары өз ырғағы, тәртібінен жаңылмай, токтаусыз жүргізіліп келеді.

Алматы облысында 9 мың шақырымға жуық автокөлік жолының 6 мың шақырымнан астамы республикалық, қалғаны облыстық, аудандық маңызы бар жол. Оның 250 шақырымы қауіпті жолдар қатарында. Бұл толқа Алтынемел, Кеген және Арқарлы асуы мен қыстыгүнгі қалыпсыз ауа райы мен қатты желдің әсерінен күрткі қар басып қалып, көлік қозғалысын қиындататын кейбір жол бөліктері кіреді. Сонымен қатар Алматы – Бішкек автожолының 786-790 шақырымы және Қарасай, Іле, Талғар сияқты үш ауданның аумағын кесіп өтетін айналма жолда көлік кептелісі жиі қайталанып, жүргіншілердің мазасын алатын. Енді бұл қиындықтар артта қалатын сияқты.



ЖОЛДЫҢ ЖАЙЫН ЖҮРГЕН БІЛЕР

Жобаның бас инженері, «ИПЦ «Альянс» ЖШС-нің өкілі Рәтбек Қошқаров: «Жоба бойынша осы шағын учаскеде эстакадалар мен айналма жолдар (таға) салу жұмысы жүргізілуде. Сонымен қатар құрылыс материалын сататын «Леруа Мерлен» гипермаркеті мен «Асыл Арман» тұрғын үй кешенінің және Райымбек ауылының маңында жаяу жүргіншілерге арналған жер үсті өтпелері тұрғызылып, «Алтын Орда» базарының тұсындағы жүргіншілер көпірін салу жұмысы қызу жүріп жатыр», — дейді.

«Асыл Арман» тұрғын үй кешені тұрғындарының негізінен, Алматы қаласында жұмыс істейтіні белгілі. Олардың қалаға кедергісіз шығуы үшін күре жолдың үстімен өтетін көлік жолын салу көзделген.

«Асыл Арман» тұрғын үй кешенінің тұрғыны Касира Шәмерханқызы: «Тұрғын үй кешенінің аумағында бір ауданның тұрғыны тұрады десек те болады. Тұрғындардың дені Алматы қаласында жұмыс істейді. Балалары да қаладағы мектептерде оқиды. Күн сайын сауда-саттық, жұмыс бабымен қалаға бірнеше рет барып-келетіндердің көрер азабы көп.

Өткен жылдан бері жолды кеңейту жұмысы қолға алынды. Қазіргі қарқыны да төмен дей алмаймыз. Тезірек бітіп, көлік кептелісінен құтыла алсақ, көңіліміз жайланар еді», — дейді.

Бүгіндері бұл құрылыста 380-400 адам еңбек етеді. Жоспар бойынша нысанды 2020 жылы аяқтау керек болса, мердігерлер биылғы жылдың соңына дейін құрылыс жұмыстарын толық аяқтауды мақсат етіп отыр. Тосын кедергілер болмаса, ойларының орындалатынына сенімді.

Жетісулықтардың тағы бір бас ауруы Батыс Кытай — Батыс Еуропа күре жолымен керуен тартып, Алматы қаласы арқылы өтетін көліктердің іркіліссіз қатынауын қамтамасыз ететін Үлкен Алматы айналма автомобиль

және Кореяның «Жобалау және құрылыс ҚҚ», «Корея Экспресс» құрылыс компаниялары серіктесіп жүзеге асырады. Олар күрделі инженерлік жұмысты атқаратын мамандардан басқа 90 пайыз жұмысшыны жергілікті тұрғындардан алғалы отыр.

Жол құрылысына жауапты мердігер «Алсим Аларко» АҚ-нің вице-президенті Аббас Шахинй: «Жоспар бойынша 2018 жылы дайындық жұмыстарын аяқтап, биылдан бастап жол салуға қарқынды кірісеміз. Бәрі ойдағыдай болса, 2021 жылы жолды тапсырамыз. Оған қуатымыз да, мүмкіндігіміз де жеткілікті. Мұндай ауқымды жобаны Қазақстанда бірінші рет қолға алып отырмыз. Бірақ басқа елдерде де жұмыс істегенбіз, тәжірибеміз жеткілікті», — дейді.

жолы еді. Көп өтпей бұл қиындықта шешілетін түрі бар. Қарасай, Іле, Талғар сияқты үш ауданның аумағын кесіп өтетін айналма жолдың жобасы 2013 жылы қолға алынған еді. Алматы қаласының аумағы ұлғайып, көрші аудандардың жер телімдері қаланың аумағына кіруіне байланысты жоба қайта қарастырылды. Қазір айналма жол өтетін аумаққа орналасқан 722 жер телімі мемлекет меншігіне қайтарылды. Бұл жерде тұрғын үй, сауда орталықтары, егіс алқабы, мекемелер ғимараты, өндіріс орталығы сияқты нысандар орналасқан.

Жолды салып, бітіру мерзімі — 2018-2021 жылға, пайдалану мерзімі 2036 жылға дейінгі 15 жылға жоспарланған. Жалпы ұзындығы 66 шақырымға созылатын алты жолақты, 1 «а» категорияға жататын жол бойында 41 көпір, 7 жол айырығы салынады. Жоба пайдалануға берілгенде айналма жолдан тәулігіне 38 мың көлік өтсе, толық қосылғанда 104 мың көліктің іркіліссіз қатынауына мүмкіндік туады.

Инвестиция және даму министрлігінің автокөлік жолдары комитетінің тапсырысы бойынша қолға алынған жобаны тұркиялық «Алсим Аларко» АҚ мен «Макйол Иншаат» АҚ

Осы жобаны іске асыру үшін облыстық әкімдік жол құрылысына керекті қосалқы материал дайындайтын, тас үгітіп, цемент пен асфальт шығаратын зауыттарды орналастыруға қажетті жерлерді анықтап береді. Осы арқылы мердігер компанияның жұмысқа батыл кірісуіне барынша жағдай жасауда. Алматы — Талдықорған жолы қолданысқа берілгелі жүргіншілердің жүгі жеңілдеді. Бұрындары 4-5 сағатта әзер жететін жерге енді оның жартысындай ғана уақыт кетеді. Бүгінгі заман талабымен салынған тактайдай жол тұрғындардың талабынан шықты. Мердігер компания өкілдері үдесінде тұрса, жыл соңына дейін Алматы-Бішкек жолының 786-790 шақырымындағы жол жөндеу жұмысы аяқталады. Көп өтпей Үлкен Алматы айналма автомобиль жолымен де көліктер іркіліссіз қатынайды. Демек, қолға алынған жоба уақытында бітсе, кептелістен қиындық көріп жүрген жүргіншілер жүйкесін жұқартпайтын болады.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Ойсалар

Жақында көңілді елең өткізетін бір хабар тарады. «Сырдария-Түркістан мемлекеттік аймақтық табиғи паркінен» Алматы облысының аумағындағы Іле-Балқаш резерватына тоғайлық деп аталатын 5 бас бұхар бұғылары өкелініпті. Бұл бұғылар көбіміздің көзіміз үйренген мүйіздері қарсағайдай, Сібір жағының бұғыларына ұқсай бермейді. Бұлардың нәзік, кермарал деген де атаулары бар. Дене тұрқы шағыңдау, тіпті киіктерімізді де еске түсіреді. Мұндай мекендейтін жерінің көркін өсіретін жануардың өрісі кеңейгеніне қуанасың. Бірақ бұл хабардың екінші жағы көңіліңді өсіре қоймайды.

Әңгіме мынада. Бір ақпараттарға қарағанда, осы әсем жануар сонау тайгада өмір сүретін амур жолбарысы дейтін жыртқыштың тамағына арналмақ екен. Бір газеттер бұл хабарға «Жолбарыстың жемі үшін» деп те тақырып қойды. Сол жолбарыстарды осында, атап айтқанда «Іле-Балқаш резерватына жіберетін көрінеді. Мұнда әкеліп не қажеті бар еді, сол адам аяғы көп баспайтын тайгасында жүре бермей ме дейсің. Сөйтсек, олар осында бұдан 70 жылдай бұрын соңғы тұяғы жойылған тұран жолбарысының орнына жіберілемек екен. Бір ғана бұхар бұғысы ғана емес, сол орыс орманының жыртқышына арнап жабайы шошқаларды, жерсінген бұғыларды, құландарды, тіпті еліктерді де көбейтпек.

Әрине, табиғатқа жанашырлық керек. Оны қорғау керек. Сол үшін әлемнің жер-жерлерінде табиғи-ұлттық парктер бар. Африкада пілдер, керік, тіпті жыртқыш арыстандар сияқты аңдар қамқорлыққа алынып, сондай парктерде өмір сүріп жатыр. Біздің елімізде де сондай максатта парктер ашылған. Басқасын айтпағанда, кең даламызды жайлаған құландардың елімізге қайта оралуы

сондай шаралардың арқасы. Әйтпесе, адамдардың аяғы баса қоймайтын қарлы тау шыңдарын мекендейтін барысымызды қамқорлыққа алғанымыз, санын көбейтіп жатқанымыз құттарлық қадамдар ғой. Бірақ...

Иә, бұл мәселенің «бірағы» көп. Жойылған аңды қалпына келтіру игілікті іс. Сол тұран жолбарысын өзі мекендеген жеріне қайтару туралы

өміріне қауіп төндіретін аңдарды жібере салсақ, ол аңға қамқорлық көрінгенмен, адамға деген қатігездік емес пе? Балқаш көлінің маңы, әсіресе оған Іле өзенінің құяр сағасы қопалы қамысты, тоғайлы болып, біраз жабайы аңдардың мекендеуіне аса қолайлы. Бірақ осыдан шамалы бұрынырақ, алды-артымызды тереңірек ойламайтын заманда

ЖОЛБАРЫСҚА ЖЕМ БОЛМАЙЫҚ!

әңгіме болғанда, бәріміз желпініп қалғанбыз. Қазақ жерінде, басқа аймақтарда кездеспейтін аң қайта оралса, ол үлкен мақтаныш. Тіпті, оны Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры (WWF) да қолдайтынын мәлімдеді. Демек, қаржылай көмек те беріледі. Бірақ бұл жыртқыштың бірде-бір тұқымы қалмаған екен. Оның орнын осы аймаққа амур жолбарысын әкеліп, соны жерсіндіру арқылы толтырмақ көрінеді. Бұған себеп: жойылған тұран жолбарысы амур жолбарысына айтарлықтай жақын болса керек. Бірақ оны осы аймақтың аны деп қабылдауға бола ма? Ресейдің қиыр шығысындағы аса суық аймақтың жыртқышы Балқаш өңірінің жұмсақтау табиғатын қабылдай ма? Тіпті, қабылдаған күнде, басқа бір елдің жыртқышын өз ауылымызда өсірдік, ол енді біздікі деп мақтана аламыз ба?

Мәселенің тағы бір жағы бар. Сол жыртқышты Балқаш-Іле резерватына жіберсек, ол адамдарға қауіп емес пе? Қазір бұрынғыдай заман емес. Ұшы қиырсыз бос жатқан жер жоқ. Тұран жолбарысының жойылуы да содан ғой. Ол тіпті адамдардың қолында көп қаруы жоқ, техника-механизмдердің аз кезінде-ақ жойылған. Әрине, жерімізді жайлаған аңдардың, тіпті жыртқыш болса да сақталғаны жөн десек те, кеше мен бүгінгінің ерекшеліктерін ескермесек болмайды ғой. Адам

сол табиғатымызға үлкен қиянат жасалды. Қамыс-тоғай өртеніп, сол жерге басқалай ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргіздік. Бұдан аймақтың фаунасына да, флорасына да үлкен зиян келді. Енді өз білігіміз өзімізге тиіп, есімізді жиып, өткеннің кемшіліктерін түзетуге қадам

жасағанымыз аса құттарлық. Сөйтсе де бұл мәселеде жан-жақты ойлап, парасаттылық деңгейде шешетін жайлар көп.

Енді бұрын осы манды мекендеген бұхар бұғысын, нәзік бұғыны осы өңірге әкеліп, өсірмекпіз дегенге қуанып жатсақ, оның бір жат жердің жыртқышына жем болуы мүмкін екендігіне жанын түршігеді. Сол амур жолбарысынан тұран жолбарысының



түрін шығаралы деген болжам алға тосылатын көрінеді. Олай болуы үшін сол тұран жолбарысынан бір жұғын қалуы керек қой. Ол жоқ! Сонда ол түрді қалай жасамақ?

Бізде де жолбарыс бар деп мақтану керек болса, сол амур жолбарысына емешегіміз үзіліп бара жатсақ, оның

басқа жолы бар. Сол Балқаш-Іле резерватынан 5 гектар, 10 гектар, тіпті 50 гектар болсын, бір жерді биік темір тормен қоршап, соған жіберіп, аштан өліп қалмас үшін оған үйреншікті асы шошқаларды жіберіп отырса, жетпей ме? Әйтпесе, үйреншікті зоопаркімізге кіргізіп қойсақ, болмай ма? Ал, даланың көркі нәзік бұғыларды, еліктерді сол тайға тағысына жеге бола өсіру — қасиетінді қорлау екенін ұққанымыз жөн шығар.

Бұл аң-жануарларға қатысты әңгіме. Ал адамға қатыстысы қиындау. Балқаш-Іле резерваты әжептәуір аймақ. Оған амур жолбарысындай тажал жыртқыш жіберілер болса, бұл жерге адам қалай барады. Қазір сол аймақта тұрып жатқандар қайтпек? Оларды көшіріп жібереміз бе? Тіпті, сақтық жұмыстары жүргізіледі деген күнде, бұл өңірге жыртқыш жіберілді деген соң, ол жакка есі дұрыс адам аяқ баса ма? Мұны еліміздің көрікті, демалуға қолайлы саналатын Балқаш жағалауынан, оған Іле сияқты сұлу өзеніміздің құяр сағасынан көріне көзге бас тарту демеске шараң жок.

Таратылған ақпаратқа қарағанда, сол орыс орманының жыртқышы жерімізге 2023 жылы жіберілмек көрінеді. Сол үшін әлемдік жабайы табиғат қоры 10 млн еуро бөледі екен деп қуанып жатқандар да бар. Соған бола көрікті бір аймағымыздан

айрылғанымыз, әйтпесе адамдарымызға қауіп төндіргеніміз жақсы болғаны ма? Азырақ ойлансақ, қайтеді осы?

Мамадияр ЖАҚЫП,
Қазақстанның құрметті журналисі

15 ақпанда кеңес әскерінің соңғы бөлігі Ауғанстан жерінен кеткеніне 30 жыл толады. Жатжұртта шайқасуға мәжбүр болған жандарға қатысты пікір сан қилы. Дегенмен жазушы Эрих Мария Ремарктің сөзімен айтқанда, олардың «түбіне соғыс жеткен, снарядтан аман қалса да, соның құрбанына айналған буын» екенін ұмытуға бола ма? Теміртауда тұратын тәжірибелі журналист, талантты ақын Руза Алдашева осы тақырыпта толғанып, қалам тербеген екен. Бағасын оқырман берсін.



Руза
АЛДАШЕВА



ПОЭМА
(Ауған соғысының ардагері
Қ.Әбдіқұловқа)

Соғыс салған жазылмайды жарамыз,
Ерлік жайлы айтылмаған бар аңыз.
Бөтен елде қанға бөккен боздаққа,
Берілді ме біздің әділ бағамыз?

Алыстағы жат топырақ Қандағар,
Атауында үрей, үміт, мұң да бар.
Бір тағдырды жалғыз сөзге сыйдырған,
Жетті сенен әр күн сайын сан хабар.

Ауғанстан қаласы бар Бағрам,
Мұнда болды қырғын соғыс, тағы ылаң.
Өтеймін деп азаматтық борышын,
Жараланып, қанын төкті сан ұлан.

Деп жүргенде: қайтуға енді қалды аз күн,
Киды өмірін қыршынынан сарбаздың.

Күн тымырсық, қапырық мұнда бүгін,
Осындайда ұғамыз су қадірін.
Орындаймыз бұлжытпай, үндемейміз,
Басшылықтың бұйрығын, ұйғарымын.

Көлігіме ұқыппен қарап келем,
Жолға шығам кестемен, сағатпенен.
Қызыл күрең шайынды аңсап жұрмын,
Сағыныштан таусылды тағам деген.

Биыл қалай, малға шөп жетеді ме,
Көмектесті кім әкем екеуіңе?
Барғаннан соң қолғанат болам өзім,
Кеткен осы жылдардың өтеуіне.

Ақ сүтінді ақтаймын, уайымдама,
Түсінемін қазіргі жайыңды Ана.
Қиялымда тау-тасы Жуалының,
Көз ұшында керілген сайын дала.

Антты бірге Іледе қабылдаған,
Жігіттер бар жанымда жалындаған.
Болып кеттік бір үйдің баласындай,
Етпе бекер анашым жанынды алаң.

Болса да ара анашым алыс қанша,
«Келдім аман» деген сөз, дауысты аңса.
Екі жылым болмайды екі күндей,
Қош, сау боп тұр, көз көріп, қауышқанша.

ӨКЕГЕ ХАТ

Әке, саған арнадым бұл хатымды,
Сағыныштан жанарым мұңға тұнды.
Тұғырынан Жуалым түлетеді,
Бауыржандай әлі де мың батырды.

Парызды өтеп жүрмін ғой Бағрамда,
Отан қорғау жолына жаным арда.
Қиян-кескі ұрыста атой салып,
Қадам бастық біршама тағы да алға.

Душпандармен дамылсыз әр атыста,
Туған жерге бастайтын жол алыстар.

Өмір-өлім өйткені беттеседі,
Қыршын тағдыр сыналып от кешеді.
Қай ақылға сияды өлтіргені,
Қатыгездеу қоғамның текке сені.

Талай жастың биледі бойын бір мұң,
Жеңсек жауды тойлаймыз тойын кімнің?
Қандыкөйлек достарым ажал құшты,
Құрбаны боп саяси ойын-жынның.

3. ... Көрдім кеше түсімде ауылды алыс,
Арасында жүр екем қалың қамыс.
Кесіп кетті кенет бір аяғымды,
Шырт ұйқыдан оятты дабыл таныс.

4. Махмудраки қышалағы тұсындамын,
Дәл көздеген қарауыл ұшындамын.

Жиырмаға да толмаған құлынымның,
Шектемеші мүмкіндік, бақ, талабын.

Дәрігер:
— Білем, сізді ақсақал түсінемін,
Оң болсын деп тілеңіз ісім, емім.
Бірнеше ота жасауға белді будым,
Жігіт екен бойында күші керім.

Әке:
— Аспандағы қол жетпес Айға құмар,
Он тоғыздың сауығы, сайраны бар.
Екі аяғын тең басып кіретұғын,
Алдында оның махаббат майданы бар.

Көңілдегі дәрігер, мұңымды аңғар,
Алатаудай айбарым-ұлым заңғар.
Бар өмірі алда ғой, аман жүрсе,
Батырым деп сүйетін сұлулар бар.

Жас ұлғайды, жол шеті — жарға келдім,
Қайырымасын қанаты самғар ердің.
Отан үшін от

кешкен
жауынгер ем,
Тілегін бер,
жаратқан
ардагердің.

Аяғынан тұрғызып
нар-ботаны,
Он бір айда жасады
алты отаны.
Ерлік даңқын
қанымен
асқақтатқан,
Дәріптейді
батырды халқы,
Отаны.

Сұм соғыста кешегі
Ауғандағы,
Кімдер жеңіп,
жеңіліп тал қармады.

Бауыр етін аналар жұлып беріп,
Сан боздақтың үзіліп қалды арманы.

Толтыра ма орнын марапаттар,
Жазылмайды уақытпен жарақаттар.
Қанша ғұмыр жоғалды соңында бір,
Тым болмаса қалмаған хабар-ақпар.

Қанша ошақтың оттары маздамады,
Азап шеккен жауынгер аз ба жаны?
Болашаққа бүкпесіз сыр шертеді,
Солдаттардың хаттары жазған әлі.

Ақ жауынын себелеп, бүркіп шашып,
Алматы тұр қойынан бір құт тасып.
Көшесінде аяңдап бара жатты,
Батыр жігіт аяғын сылатып басып...

Арман қала бақытқа бөледі ме,
Бойлатты ма білімнің тереңіне?
Ел есінде қалды ма ерлігі оның,
Арқау болып ақынның өлеңіне?

Кетпеді ме сүрініп, тайып табан,
Ерте есейіп болды ма байытты адам?
Ғашықтардың махаббат майданында,
Жасады ма батырға лайық қадам?

Салқын, ызғар, желді күн күзгі арайда,
Жарақаты сыр беріп сыздамай ма?
Жастығында жасындай жарқылдаған,
Көктемнен қалды ма із қалайда?

Жамандықтан аулақтап жиренді ме,
Жақсылармен жанасып үйренді ме?
Жолықтырып жолында түсі ізін,
Жаны ерекше жасайдары күйге енді ме?

Сүріп жайлы өмірді жүре тыныш,
Тапты ма әркез темігін, ретін іс.
Жеткізбеген арманы алаңдатып,
Өртемей ме өзегін бір өкініш?

Өмір-өзен толқыны жағаны ұрып,
Жағалауда жасықтар қалады ұымт.
Сәтті сапар шекті ме алға қарай,
Ауыздықтап арманын табаны нық?

Көз алдынан өткізіп бір сәт бәрін,
Еске алды ма жат жердің құм, шатқалын?
Қыршынынан қиылған боздақтардың,
Үлгі болар ерлігі ұрпаққа мың.

Соғыс жалмап жігіттік нұрлы шағын,
Құшағында қалды өлім, мұң-құсаның.
Лайық олар сый-құрмет, қошеметке,
Арқау еттік тек соның бір мысалын.

Қайда қазір, бар ма екен бір хабары,
(Жанарымнан моншақ-мұң сырғанады).
Содан бері жылжысыз жылдар ағып,
Сан сұрақтың жасауы жұмбақ әлі.

Бейбіт күннің қадірін ел жиі ұққан,
Сол соғыстан кім ұтылып, кім ұтқан?
Он жылдан соң ғана жұртым «уһ» деді,
Бір ауыр жүк түскендей боп шыққан.

Содан бері ширек ғасыр зулаған,
Ірге бүтін, айналамыз думан-ән.
Жігіттердің ерен ерлік үлгісі,
Жас ұрпақтың жігерлерін шыңдаған.

Уақыт көші кетсе-дағы қыр асып,
Бейбіт аспан мөлдіреген тұр ашық.
Ұмытылмақ емес, бірақ ешкім де,
Ерлік даңқы ғасырларға ұласып.

Ардагерлер, ержүректер, мықтылар,
Өздеріңмен туған елге құт тунар.
Сын сағатта сыр алдырмай сыналған,
Сендерсіндер өмір мәнін ұқтырар.

Мың-мыңдаған бозбала оққа ұшты,
Қабырғаңды қарс айырар сан ба аз бұл?

Аптап ыстық, күн теседі төбеден,
Кермек тамшы сауғалайды денеден.
Он сегізде опат болды боздақтар,
Олар жайлы жазылмаған көп өлең.

Соның бірі — Жуалының жайсаңы,
Қаймықпайтын сарбаздардың қайсары.
Ерен ерлік көрсетіп ол үлгісін,
Таңқалдырды қимылымен баршаны.

АНАҒА ХАТ

Амандық хат, анашым хәлің қалай,
Сол қалыңда жүрмісің сабырға бай?
Сырбаз мінез сырт көзге көрінгенмен,
Шуберекке түйілді-ау жаның талай.

Әкем қалай, ауырып қалмады ма?
(Сәлем айтсын ауылдың шалдарына).
Жүргендерің сендердің аман-есен,
Қуат-күшін береді жанға мына.

Мен де аманмын, уайымға салынбаңдар,
Елге деген сағыныш жанымды арбар.
Азаматтық борышын өтеп жүрген,
Ыстық сәлем солдаттан қабылдаңдар.

Жазып жүрмін тым жиі хат бұрыннан,
Аңғал кезім алаңсыз сап тыйылған.
Ұшып келдік біз мұнда Іледегі,
Өткеннен соң әскери жаттығудан.

Қабылдады шофер ғып мені бірден,
Азық-түлік тасымын көлігіммен.
Уайымдама, соғысқа кіргенім жоқ,
Душпандардың тым алыс шебіне іргем.

Жүргенімді аман-сау хабарлаймын,
Ешқашанда жетпесін саған қайғым.
Ауыдастаң бәріне дұғай сәлем,
Осыменен хатымды тәмамдаймын.

АНАНЫҢ ЖАУАП ХАТЫ

Бүгін, міне, жан балам келді хатың,
Жүрек шыдап жетпейді-ау енді дәтім.
Ауғанстан деген не, бұл кеңесің,
Қорғатпай ма іргелес елді жасың.

Ел-жұрт тыныш, ауыл да аманшылық,
Ауған деген дүрліктік хабар шығып.
Сыртым бүтін болғанмен ішім түтін,
Көз жасымды көрсетпей алам сығып.

Сені ойласам көңілім алаңдайды,
Күнде күтем хатыңды, хабар жайлы.
«Қалмады ма ауырып» деп сұрапсын,
Жүр ғой әкең, оны ешбір жау алмайды.

Сағыныштың лебі есіп ақтарылған,
Айналайын әр жазған хаттарыңнан.
Шаңырақтың иесі ұяласар,
Үлкен үміт күтеміз аптал ұлдан.
Бұзылмай ма көлігің жолда қалып,
Түсіп қалма жау құрған торға барып.
Отан жұмсап, жат жерде, жырақтасып,
Аман жүрші бір Алаам қолдап анық.

Шекпеймін ғой уайым текке мүлде,
Жүрсің балам қатердің өткелінде.
Аман орал ұшырған уяңа ыстық,
Хат жазып тұр қолың қалт еткенінде.

АНАҒА ЕКІНШІ ХАТ

Жан анашым! Қуандым хатыңды алып,
Мейірімге жанымды жатыр малып.
Алаңдама мені ойлап жігітпін ғой,
Қазақ деген білесің батыр халық.

Қауіп күшті Панжшер шатқалында,
Сақ болмасаң сақтамас тасы, құм да.
Қару-жарақ тасимын, бірақ кейде,
Оқ жауады тасадан жасын ұлға.

Әке, мұны айтамын саған ғана,
Қарт солдатсың өйткені бағаң дара.
Анам біліп жүрегі ауырмасын,
Аман қайтам, көр де тұр, алаңдама.

Төнді бүгін тағы да қатер, қауіп,
Оқ зулайды жасбырдан бетер жауып.
Керуенді амалдап алып шықтым,
Ажалдыны ғана өлім жетер тауып.

Ата жолын ұрпағы жалғамай ма,
Ерлік даңқы сән берер бар маңайға.
Ал аман бол, әкешім, көріскенше,
Хат жазамын, бұйырса, алдағы айда.

ӨКЕНІҢ ЖАУАП ХАТЫ

Ар ма, балам! Жолдаған хатыңды алдым,
Соғыс-сұмдық! Сен оған жақын бардың.
Бұйрықтарды бұлжытпай орында да,
Кір келтірме атына батырлардың.

Айтқаның рас, мен қартаң жауынгермін,
Соғыс бардым, от кешітім, дауыл көрдім.
Сауық құрып жастың деп жүргенім жоқ,
Арасында алаңсыз ауыл, белдің.

Қабағымнан айтпай-ақ жанымды ұғып,
Анаң жүр ғой үндемей бәрін біліп.
Түсінесің балам-ау, меніңдағы,
Өзіңменен атады таңым тұнық.

Сақтанып жүр әрдайым сергектеніп,
Елің үшін аянба еңбектеніп.
Алып кетіп жүрмесін құлынымды,
Ажал деген қапыда жендет келіп.

Аңғалдықты біржолға қалдыр артта,
Бас сауғалап ешқашан жанды бақпа.
Сынарым бір Алла пана болып,
Қаңғыған оқ тимесін арғымаққа.

Жатсам-тұрсам тілегім — амандығың,
Билемесін үрей мен санаңды мұң.
Солдат болып қолыңа қару алған,
Айналайын, аман жүр жаман құлын.

КҮНДЕЛІК БЕТЕРІНЕН

1. Аптап ыстық кептіріп кезенені,
Күн төніп тұр күйдіріп төбедегі.
Азаматтық міндетін мінсіз өтер,
Сарбаздарға қалтқысыз сенеді елі.

Елге берген менің де берік антым,
Жерге ешқашан қаратпаң сені халқым.
Қайтпас қайсар қазағым жетелейді,
Ерліктерге әрдайым мені даңқың.

Күндіз-түні тынымсыз сапардамын,
Алла жар боп аманмын, қатардамын.
Біраз болды, білмеймін неге екенін,
Хат жазбадым, ауылдан хат алмадым.

2. Бағрамның салқындап кешкі демі,
Қоңыр күздің алғашқы есті лебі.
Алыстағы ата-анам алдаумен,
Қара жолға көз тігіп тосты мені.

Бой үйренді, жоқ мүлдем үрей менде,
Қаң, тер қатқан кийіммен жүрем кейде.
Қайран анам хатында деп жзадаы:
«Өтпескеге бірер күн жібермей ме?..

Бұл соғыста болмайды демалыстар,
Жауынгерміз ел туын жоғары ұстар.



Анар ӘБЖАНОВА:

байқауында «Көркемсурет өнері» аталымы бойынша Гран-при жүлдесін иелендім. Ал 2008 жылы «Шабьт» жастар шығармашылығы байқауында Гран-при бұйырды. Студенттік шақта түрлі байқауларға қатысып, оқу ордасындағы ең олжалы студент атандым.

Жас qazaq: Сурет салу барысында ерекшелігіңіз неден байқалады? Бейнелеу өнерінде сізді не шабыттандырады?

А.Әбжанова: Көбінесе Алматы мен Астананың пейзажын салғанды жақсы көремін. Өйткені қаланың тыныс-тіршілігі, ағаштары, тіпті көшедегі мәшинелері

Жас qazaq: Сіз «Қазақстанның 100 жаңа есімі» байқауының жеңімпазысыз. Байқауға қалай қатыстыңыз, жеңімпаз болғаныңызды естігенде қандай күйде болдыңыз?

А.Әбжанова: Шынымды айтсам, мен бұл байқау туралы естімеппін. Журналист қыз менің атымнан анкета толтырып жіберіпті. Кейіннен сол қыздан аты-жөнім тізімге енгенін естідім. Осындай ауқымы кең жобала кейіпкер болатынымды ойламаппын. Бір күні Алматы қаласының әкімшілігінен «100 есім» жобасының жүлдегері атандыңыз» деп қонырау шалды. Алғашында сенбедім. Желтоқсан айында Елбасымен кездесуге баратын туралы Астанада хабарлама алдым. Осылайша, Елбасымен кездесу барысында бір туындымды сыйға тарттым. Бұл — Алланың қалауы. Студенттік кезімде Елбасын түсімде көргенім бар. Сөйтсем, ол жай түс емес екен, керісінше менің арманым бастар жол екен. Тіпті 2014–16 жылдары өнер саласына бөлінген Елбасының мемлекеттік шәкіртақысын алғанмын. Енді «100 есім» жобасының бір бөлшегі болғанымды мақтанышпен айта аламын. Бұл үлкен жауапкершілік. Мен адамдардың



Бүгінгі кейіпкеріміздің тағдыры ерекше. 2017 жылы «Қазақстанның 100 жаңа есімі» қатарына енген суретші — Анар Әбжанова. Анар кішкентайынан есту қабілетінен айырылған. Нәзік қыз қиын тағдырына қарамастан, көркемсурет өнерінде өз қолтаңбасымен ерекшеленіп келеді. Бүгінде елімізді әлемдік деңгейде танытып жүрген кәсіби суретші. Қылқалам шебері Анар Әбжанованың өмірі бейнелеу өнерімен тығыз байланысты. Ол әлемді үнсіз күйінде қабылдағанымен, айналадағы сұлулықты ерекше туындылары арқылы көрсетеді. Бейнелеу өнерінде өзіндік орны бар Анармен сұхбат барысында оның өнерге деген ғажап құштарлығын байқадық.

Жас qazaq: Анар, суретші болуды кішкентай кезіңізден армандадыңыз ба? Өнерге қызығушылық неден басталды?

А.Әбжанова: Сурет салуға деген талпынысым тым ерте басталды. 3–4 жасымнан бастап-ақ қарындашқа жақын болыппын. Еңбектеп жүрген сәтімде, анамның сөмкесінен қарындаш іздеуді әдетке айналдырыппын. Қолыма түскен қарындашпен еденді, қабырғаны шимайлап, өзімше өрнектер салады екенмін. Осыны бірден байқаған анам маған сурет салатын альбом әкеліп береді. Кейіннен мультфильм кейіпкерлері мен құттықтау қағаздарын бейнелей бастадым. Бірте-бірте акварель, гуашь, түрлі-түсті қарындаш, қаламсапты пайдаланып сурет салдым. Менің болашақта суретші болатыным осыдан-ақ түсінікті еді.



Мектеп қабырғасында жүрген кезімде, 1998 жылдан есту қабілеті нашар балаларға арналған көркемсурет студиясына барып, 7 жыл білім алдым. Мұнда суретшіліктің қыр-сырын меңгердім. Мектептен кейін Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының колледжіне түстім. Өнердегі алғашқы қадамым осында оқып жүргенде басталды. 18 жасымнан бастап кәсіби түрде суреттер салатын болдым. Сурет салуды жүрегім қалағандықтан, бар күш-жігерімді оқуға арнадым. Көркемсурет шебері Канафия Телжановтан білім алдым. Өнердегі ең алғашқы табысыма 2006 жылы қол жеткіздім. Астанада өткен «Жұлдыз-ай» атты мүмкіндігі шектеулі балалар шығармашылығы



«Еліміздің Тәуелсіздік жылнамасы жазыла бастағанына небәрі

25 жыл болды. Бұл – тарих тұрғысынан қас-қағым сәт десек те, еліміз үшін ғасырға бергісіз кезең. Әрине, жасалған жұмыстардың маңызы мен ауқымына ешбір күмән жоқ. Дегенмен, осы қыруар істі атқарған, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихы әдетте құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қояды. Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұр. «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы»

(Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан)



мен адамдары шабыт сыйлайды. Өйткені қаланың тынысы ауа райы мен уақыт мезгілдеріне қарай ерекшеленіп отырады. Адам сияқты қала да ауа райымен бірге көңіл-күйін өзгертеді. Осы өзгерістерді жаныммен сезініп, қағаз бетіне түсіргенді ұнатамын. Менің көңіл-күйімді, өмірге деген қуанышымды, әсерлі эмоцияларымды «Қазақ сақурасы» атты топтамадан көре аласыздар. Мен сурет салғанда көбінесе майлы бояу мен акрилды қолданамын. Бұған дейін акварель, гуашь, түсті қарындаштарды да қолданып көргенмін. Ал жан дүниемдегі туындыларымды іске асыруға майлы бояу мен акрил көмектеседі. Шығармашылығымның көбісі қазақ даласындағы құлпырған гүлдерге арналады. Топтамамын «Қазақ сақурасы» аталауы да тегін

емес. Күнделікті жұмыс істегенімнің арқасында, жана идеялар пайда болды. Ал жана дүниені өмірге алып келу үшін тынымсыз жұмыс істеуің керек. Ол үшін өзінді дамытып, өзінмен жұмыс жасағаның жөн. Айналамда мені шабыттандыратын нәрсенің бәрі бар. Әсіресе, шығармашылығым жағынан сәттілік болып жатса, одан сайын шабыттана түсемін. Біздің табиғатымызды, әсем қала Алматыны қатты жақсы көремін. Қаланың тынысы мен тіршілігі — менің туындыларымның басты тақырыбы. Маған ескі әрі жаңа ғимараттарды, аллея мен саябақтарды, биік ағаштарды бейнелеген өте ұнайды. Мен үшін саяхат деген — бір жұтым таза ауа.

сенімін ақтағым келеді. Ол үшін алдағы уақытта да көп еңбектенуім керек. Ал таза ауадан бойыма жаңа энергия жинаймын.

Жас qazaq: Сіздің бала кезіңізден түрлі байқау жүлдесін иеленіп келдіңіз. Ал халықаралық байқауларға қатыстыңыз ба?

А.Әбжанова: Мен Елбасына, мәдениет және спорт министрі А.Мұхамедиялына, ақпарат және коммуникация министрі Д.Абаевқа «Рухани жаңғыру» бағдарламасын сәтті іске асырғандарына алғыс айтамын. Бағдарлама арқылы көп нәрсені білдім. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қазақ еліне серпіліс әкелді. Мен елге танылып қана қоймадым, өзім де көп



нәрсені осы бағдарлама шеңберінде көріп-білдім және бұдан кейін өнер әлемінде табысқа жететінім даусыз.

2018 жылдың күзінде халықаралық екі байқауға қатыстым. Алматыда Абай атындағы опера және балет театрында өткен «Жыл таңдауы — Алтын Адам» және халықаралық «Мондо арт» ғылым және мәдениет қауымдастығының атынан ұйымдастырылған Италияның Лечче қаласындағы Аполло антикалық театрында өткен «Пабло Пикассо» премиясы. Сонымен қатар бірнеше халықаралық ұйымдардан шақырту алдым. Франция, Германия, Италия (Палермо, Милан), Испания (Мадрид), Канада (Торонто), АҚШ (Сан-Диего, Нью-Йорк) жас суретші ретінде беделді көрмелерге шақырды. Қаржылық қиындықтарға байланысты кейбіреулерінен

бас тартуға тура келді. Мадридте маған тұңғыш рет Софонисба Ангвиссола атындағы премия берілді. Ол — Ренессанс кезеңінің атакты суретшілерінің бірі. Испанияда король отбасының ресми суретшісі болған. Күтпеген жерден «Леонардо да Винчи — әмбебап суретші» екінші халықаралық премиясының жоғарғы жүлдесін иелендім. «Mondial Art Academia» халықаралық француз өнер қауымдастығы 2016 жылдан бері «Халықаралық галерея мен арт кәсібилерін таңдау» халықаралық конкурсын өткізіп келеді. Осыған қатысу мен үшін ең қиыны болатын. Алайда осы қауымдастықтың мүшесі болып танылдым және күллі әлем бойынша «Қазақстан елшісі» деген атақ берілді. Мен «Горный пейзаж с маками» картинасын ұсынған болатынымын. Тау мен дала — біздің Отанымыз. Мен өз туындыларым арқылы бүкіл әлемге өз елімді көрсетулі армандалым және бұл менің қолымнан келді. Мұндай марапатқа қол жеткіземін деп ойламаппын. Менің әрбір жұмысым маған дауыс берген жанның жүрегінен орын алғанына қуаныштымын. Алдағы уақытта елші ретінде отандық тәжірибелі суретшілерден команда жинақтап, Францияда өтетін халықаралық конкурса дайындалудамыз. Оған А. Сүйіншалинов, Б.Бүрлесбеков, Г.Маханбетжанова, Д.Нұргер, Б.Тұрғынбай, С.Тайнов, М.Жүнісбаев, Д.Кәдірова, Л.Дроздова сынды суретшілер қатысады.

Жас qazaq: Отбасыңыз туралы айтып берсеніз?

А.Әбжанова: Менің анам — Базаркүл Әбжанова бұрын физика пәнінің мұғалімі болған. Кейін балабақшада тәрбиеші болып жұмыс істеді. Қазір анам үйде, 3 жасар Аяла есімді қызымның тәрбиесіне көмектесуде. Жолдасым — Тимур Исраилов.

Жас qazaq: Болашаққа жоспарыңыз қандай?

А.Әбжанова: «Рухани жаңғыру» жобасы аясында ең үздік картиналарымды жинап, көктемде Астанада өтетін шығармашылығымның 15 жылдығына арналған көрмеге дайындық жасаудамын. Сонымен қатар «100 есім» жобасының жүлдегері ретінде АҚШ, Еуропа және Азия елдерінде өтетін көрмелерге әзірленіп жатырмын. Онда «Табиғат жарығы», «Астананың 100 пейзажы», «Өмір түстері» атты кішкентай қызыма арналған туындыларымды көрсетемін. Ең бастысы, Қазақстанды әлемге танытуды жалғастырамын.

Сұхбаттасқан
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Нұрдаулет ТАЛҒАТУЛЫ —
Астана қаласы (8 775 501 33 38)

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және
Солтүстік Қазақстан облыстары
(8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия
mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан
облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2152;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы — 8 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияның ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.